

Реабилитацияның принциптері мен тәсілдері

Реабилитация принциптері

- Ерте реабилитациялық шараларды бастау
- Топтастырылған барлық қажеттіліктер
- Жеке реабилитациялық жоспар
- Реабилитация этаптары
- Барлық реабилитациялық шараларды үзбеу және сабақтастықты сақтау
- Реабилитациялық медицинадағы әлеуметтік бағыт
- Реабилитациялық шаралардың орындалуында барлық тәсілдерді қолдану

1.Ерте реабилитациялық шараларды бастау

- Ерте реабилитациялық медицинаны бастауда профилактикалық шараларды жүргізу және тіндегі өзгерістерді(неврологиялық аурулар кезінде ненің маңызды екенін)анықтау.Ерте реабилитациялық шараларды емдік процесс жүргізу кезінде пациенттің адекватты жағдайы профилактикалық шараларға байланысты болады.(екіншілік профилактика)

2. Топтастырылған барлық қажеттіліктер

- Медициналық реабилитацияның негізгі проблемасы күрделі және көптеген мамандардың араласуын қажет етеді. Аурудың себебіне және науқастың жағдайына байланысты арнайы мамандар қолданатын реабилитациялық шаралардың әдістері де әр түрлі болады.

терапевт

травматолог,

хирург,

психиатор.

массажист,

физиотерапевт,

3. Жеке реабилитациялық жоспар

- Жеке реабилитациялық жоспар ауруды тудыраптын себепке науқастың жағдайына және жеке ерекшеліктеріне (функционалды қабілеті, жасы, жынысы, қимыл-қозғалысы) байланысты құрылады, яғни жеке жоспар пациенттің медициналық реабилитацияға реакция тудыру үшін құрастырылады.

4. Барлық реабилитациялық шараларды үзбеу және сабақтастықты сақтау

- Барлық реабилитациялық шаралардың этаптарын бірінен кейін бірін үзбей жүргізу өте маңызды. Себебі бір этаптан науқастың функционалды жағдайы жақсарады, ал оны тоқтатқан жағдайда жағдайы нашарлауы мүмкін. Сондай-ақ реабилитациялық шараларды жүргізетін мекемелерде байланыс болуы қажет, яғни науқас туралы барлық ақпарат оған қандай реабилитациялық шаралар қолданылғаны және қандай шараға науқаста реакция болғандығын көрсететін құжат болуы қажет.

5. Реабилитациялық медицинадағы әлеуметтік бағыт

- Осы бөлімнің негізгі мақсаты – науқастардың немесе мүгедектердің тұрмыстық жағдайларға, қоғамға және отбасына қайта оралуын және де, қоғамда өзін толық қанды адам ретінде қалыптастыру. Медициналық реабилитацияның ең жақсы нәтижесі болып науқастың денсаулығы толық қалпына келіп, бұрынғы жұмысына қайта оралуы болып табылады.

Медициналық реабилитация әдістері

- Физиотерапия
- Емдік денешынықтыру
- Психотерапия
- Емдәммен емдеу
- Дәрілік емдеу
- Косметикалық және қалпына келтіру хирургиясы
- Комплементарлық әдістері (акупунктурлық емдеу, мануалдық емдеу, фитотерапия, гомеопатия) болып табылады



- **Физиотерапия** – адам ағзасына алынған табиғи жасанды физикалық факторлардың әсерін, оларды сақтап қалу мақсатында қолдану мен денсаулықты қалыптастыру және нығайтуды зерттейтін медицинаның бір саласы.
- Клиникалық физиотерапия емдік – физикалық факторларды түрлі ауруларда қолдану ерекшеліктерін анықтайды.



- Физиотерапия және санаторлы курортты емдеу сауықтыру шаралары жүйесінде маңызды орын алады. Олар кешенді қалпына келтіру терапиясының ең жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді.
- Физикалық емдеу әдістерін қолдану әдістердің бағытталған ауқымын кеңейту және науқастарды емдеу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.
- Оларды қолдануда аллергия және дәрілік ауру болмайды, бірқатар дәрілер әсерін жоғарлатады, дәріге тәуелділік байқалмайды, басқа ағзалар мен тіндерге жанама әсері жоқ.


- Қазіргі физиотерапияда емдік әсері бар инвазивті емес әдістер қолданылады, нәтижесінде жұмсақ, ауру сезімсіз емдік әсерлер дамып және созылмалы аурулар ремиссиясы қалыптасады



● **ЕДШ** – бұл жалпы неспецификалық терапиясы.

Бұзылған мүшелер қызметін жақсаруын үдете түседі .
ЕДШ – бұл функциональды терапиясы. Организмге түсетін күштің біртіндеп өсуіне байланысты, организмнің қызметнің жақсаруына және жылдам жазылуына себеп болады. ЕДШ – бұл патогенетикалық терапиясы . Физикалық жаттығулар аурудың даму жолдарының механизміне әсер етеді. ЕДШ – қалыпты ұстап тұру терапиясы Физикалық жаттығулар организмнің барлық күшін жинап, қалыптасасу үрдістерін арттыра түседі





- **Психотерапия** (гр. *psyche* — жан + *therapeia* — емдеу). Қысқаша айтқанда психотерапия адамды (пациентті) психологиялық құралдардың ықпалымен емдеу дегенді білдіреді. Психотерапия — кең өрісті мағынасы бойынша сау адамдарға (клиенттерге) әр түрлі психологиялық қиын жағдайларға немесе психикасын өңдеуге көмекті қажетсінгенде жәрдем беруді іздейтін ғылым саласы.

